

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Басқару институты**

қолжазба құқығында

**Сапаров Ербол Бахтиярулы**

**АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДА ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ  
ЖОЛДАРЫ  
(ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ КЕЛЕС АУДАНЫ МЫСАЛЫНДА)**

«7M041 – Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша  
«7M04122 - Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекшісі \_\_\_\_\_ Мұқан Б.Ғ., э.ғ.к.

Жоба (зерттеу) қорғауға жіберілді: 2024 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Басқару институтының директоры \_\_\_\_\_ Гаипов З.С., с.ғ.д.

**Астана, 2024**

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК</b>	3
<b>СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР</b>	<b>МЕН 4</b>
<b>ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	
<b>КІРІСПЕ.....</b>	5
...	
<b>НЕГІЗГІ</b>	8
<b>БӨЛІМ.....</b>	
<b>1 ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ</b>	8
<b>АСПЕКТІЛЕРІ.....</b>	
..	8
1.1. «Халықтың әл-ауқаты» категориясының әлеуметтік –экономикалық	1
мазмұны.....	1
..	1
1.2. Халықтың әл-ауқатын арттыруға әсер ететін	4
факторлар.....	
1.3. Халықтың табысын арттырудағы әлемдік	1
тәжірибе.....	7
<b>2 АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ</b>	1
<b>ДАМУ</b>	<b>ДЕҢГЕЙІН 7</b>
<b>БАҒАЛАУ.....</b>	
2.1. Халықтың ақшалай табысының даму	2
үдерісі.....	7
2.2. Түркістан облысы Келес ауданы халықының әл-ауқатына талдау	
жүргізу.....	3
...	5
<b>3 АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН</b>	
<b>АРТТЫРУ</b>	<b>ЖОЛДАРЫН 3</b>
<b>ЖЕТІЛДІРУ.....</b>	5
3.1. Халықтың әл-ауқатын арттырудың басымды	
бағыттары.....	3
...	9
3.2. Халықтың әл-ауқатын арттырудың тетіктерін жетілдіру бойынша	
ұсыныстар.....	
...	
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	4
...	7
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР</b>	5
<b>ТІЗІМІ.....</b>	0

## **НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы магистрлік жобада (зерттеуде) келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 270 қаулысы;

«Халықтың табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 218 қаулысы;

2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 10-85-VII шешімі;

«Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі аумақтық даму жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 812 Жарлығы.

## **БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

БҚО	– Батыс Қазақстан облысы;
СҚО	– Солтүстік Қазақстан облысы;
ШҚО	– Шығыс Қазақстан облысы;
ЖІӨ	– Жалпы ішкі өнім;
ЖӨӨ	– Жалпы өңірлік өнім;
АӘК	– Атаулы әлеуметтік көмек;
МҚҰ	– Микро қаржы ұйымы;
ЖШС	– Жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
ТжКБ	– Техникалық және кәсіби білім;
ШОК	– Шағын және орта кәсіпкерлік;
ӘМАТ	– Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары;
ЖАТ	– Жөндеу-аналық табындары;
КТЫШ	– Көл-тауарлық балық шаруашылығы;
БН	– биологиялық негіздеме;
А/о	– Ауылдық округ

## **КІРІСПЕ**

### **Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен қолданбалы сипаты**

Халықтың әл-ауқаты – бұл халықтың сан-алуан қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қажетті игіліктермен қамтамасыз ету болып табылады.

Әлеуметтік-экономикалық жүйенің қалыптасу мен даму кезеңдерінің өзгерісі нәтижесінде тұтынушылық сипаттың, экономикалық мүдделердің де өзгеріске ұшырау үрдісін аңғара аламыз.

Адам қажеттілігінің барлық түрлерін қанағаттандыру, оның ішінде өзін-өзі дамыту, материалды игіліктерді қанағаттандыру аясындағы тетіктерді жүзеге асыру жалпы қоғамдық дамудың негізгі мақсаты болып табылады.

Демек, халықтың әл-ауқатын арттыру проблемасы теориялық және методологиялық тұрғыда ауқымы кең, практикалық тұрғыда көкейтесті проблемаларды шешуге қатысты тетіктердің толыққанды жүзеге асыуы мен әлеуметтік-экономикалық мүдделердің тепе-теңдігін сақтау мәселесін шешу орасан зор қиындықтармен беттесетінін назарға алуымыз керек.

Халықтың әл-ауқатын арттырудың, адамға қажетті мүмкіндіктердің ауқымын кеңейту мен қажеттіліктерін толыққанды қанағаттандырудың маңызды шарты немесе жағдайы ретінде экономикалық өсім болып табылады.

Қазақстан Республикасының экономикалық өсімінің негізгі көрсеткіші жалпы ішкі өнімінің өсу қарқыны тұрақсыз сипат алады (2020ж-97,5%, 2021 ж. - 104,3%, 2022ж. – 103,2%, 2023ж. – 105,1%). Бұл өз алдына халықтың әл-ауқатына тигізетін әсері алуан түрлі.

Халықтың материалды жағдайын қанағаттандыруға және оның деңгейін сипаттайтын көрсеткіш ретінде ақшалай табыстың маңызды фактор екендігін назарға алуымыз керек.

Атаулы табыстың 2010 жылғы 39,2 мың теңгеден 2023 жылы 181 855 мың теңгеге дейін тұрақты оң серпініне қарамастан, халықтың нақты табысының өсу қарқыны төмендеп барады (2019 жылы 106,4%, 2020 жылы 104,3%, 2023 жылы 101,1%). Бұл экономикалық өсудің баяулауымен (2020 жылы -2,5%, 2022 жылы - 3,2%, 2023 жылы – 105,1%) және 2022 жылдың жоғары инфляциялық қысыммен (2021 жылы 8,4%, 2022 жылы 20,3%) байланысты. Бұл инфляциялық фактор өз алдына ақшалай табыстың төлем қабілеттілігінің төмендеуіне әсерін тигізеді.

Жоғарыда айтылған мәселелер табыстың үлестірілуі немесе таратылуындағы оқылықтарды және күнкөріс деңгейінің, кедейшіліктің деңгейін сипаттайды. Ол өз алдына жалпы халықтың әл-ауқатын арттыру мәселесінің өзекті сипат алып отырғандығын куәландырады.

Осы проблемалардың маңыздылығын ескере отырып, магистрлік жоба халықтың әл-ауқатын арттыру тетіктерін зерттеуге және жетілдіруге арналады.

Бұл зерттеудің өзектілігі экономикалық өсімнің тұрақсыз сипат алу жағдайында халықтың әл-ауқатын, оның ішінде материалды және материалды емес игіліктермен қамтамасыз ету, ақшалай табысын өсіру, кәсіпкерлік

белсенділікті арттыру аясындағы қабылданатын шаралардың тиімділігін арттыру қажеттілігін негіздейді.

### **Проблемалық салада жүргізілетін эксперименттің негізгі аспектілері**

Халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатында ақшалай табысты арттыру факторы ретінде кәсіпкерлік табыстың өсуін ынталандыру, оның ішінде шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасау; Ауылшауашылығы мен өңдей өнеркәсібін дамыту арқылы жұмыспен қамтуды арттыру.

**Жұмыстың мақсаты** – Ауылдық аумақтардағы халықтың әл-ауқатына әсер ететін факторларды кешенді талдау және оны арттыру жолдарын жетілдіру.

### **Магистрлік жұмыс міндеттері:**

- халықтың әл-ауқатын арттырудың теориялық аспектілері зерттеу;
- «халықтың әл-ауқаты» категориясының әлеуметтік –экономикалық мазмұнын зерттеу;
- халықтың әл-ауқатын арттыруға әсер ететін факторларды зерделеу және шетелдің тәжірибесін Қазақстан жағдайында пайдаланудың аясын анықтау;
- ауылдық аумақтардағы халықтың әл-ауқатының даму деңгейін бағалау;
- халықтың әл-ауқатын арттырудың басымды бағыттарын айқындау;
- халықтың әл-ауқатын арттырудың тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

**Зерттеу объектісі** – ауылдық аумақтарда халықтың әл-ауқатын арттыруға әсер ететін факторлардың қодану аясы және тетіктері.

**Зерттеу пәні** – тұрғындардың әл ауқатын арттыру процесінде және мемлекеттік қолдау әрекетінде туындайтын әлеуметтік және экономикалық қатынастардың жиынтығы.

### **Қорғауға шығарылатын практикалық ережелер мен әдіснамалық база**

Халықтың әл-ауқатын көтеру тақырыбын зерттеуде қолданылатын негізгі теориялық тұжырымдамалар мен әдіснамалық, әдістемелік тәсілдерге шолу жасалады. Сонымен қатар, халықтың әл-ауқатын арттыруға әсер ететін факторларды зерделеу мәселелеріне назар аударылды.

**Жұмыстың практикалық маңызы.** Зерттеу нәтижесінен алынған тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар халықтың әл-ауқатын арттыруға қатысты шараларды әзірлеуге, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық дамуға әсер ететін факторларды ескеруге және тұрғындардың базалық қажеттіліктерін толыққанды қанағаттандыру мәселелерін шешуге ықпал ете алады. Материалды игіліктер қатарындағы ақшалай табысты арттыру мен кәсіпкерлікті қызметке жұмылдыру мен белсенділіктерін арттыру жолдары аясындағы шараларды қамтиды. Сонымен қатар, ауылшауашылығы мен өңдей өнеркәсібін дамыту арқылы жұмыспен қамтуды арттыру шараларының халықтың әл-ауқатына әсер ететін басымды бағыттардың жиынтығын қарастырамыз.

### **Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу (аппробациялар) және енгізу**

Материалды игіліктер қатарындағы ақшалай табысты арттыру мен кәсіпкерлікті қызметке жұмылдыру мен белсенділіктерін арттыру жолдары аясындағы шаралар жиынтығы сынықтан өткізуге қатысты ұсыныстыр болып табылады және енгізуге ұсынылады. Ол шаралар келесі басымды бағыттарды қамтиды:

- босалқы жерлерді айналымға тартуды ынталандыру (40,8 мың га) және жаңа жер пайдаланушыларға (инвесторларға) мемлекет меншігіне алынған пайдаланылмайтын жерлерді қайта бөлу;

- ирригациялық және мелиорациялық жүйелердің жай-күйіне аудит жүргізу;

- жайылымдарды суландыру инфрақұрылымын құру және мал өсіруші шаруашылықтарды сумен қамтамасыз ету;

- етті мал шаруашылығында жайылымдарды ұтымды пайдалану және жақсарту;

- асыл тұқымды малға деген қажеттілікті қанағаттандыру үшін асыл тұқымды шаруашылықтар желісін кеңейту;

- сүт-тауар фермаларын дамытуды қолдаудың жаңа құралдарын енгізу

- тауарлық балық шаруашылығы саласын дамыту;

- өзін-өзі жұмыспен қамту және жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі;

- шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасау.

**Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы** экономикалық әдебиеттерде жеткілікті түрде дамымаған мәселенің тұжырымдалуына байланысты және мыналардан тұрады:

- Халықтың әл-ауқатын арттырудың, адамға қажетті мүмкіндіктердің ауқымын кеңейту мен қажеттіліктерін толыққанды қанағаттандырудың маңызды шарты немесе жағдайы ретінде экономикалық өсім мен ақшалай табыс екендігі нақтыланды.

- Халықтың әл-ауқаты категориясын зерделеу нәтижесінде оны арттыруға әсер ететін келесі факторлар (материалды және материалды емес игіліктер, халықтың ақшалай табысы) мен жағдайлар (экономикалық жағдайлар (нарықтық және нарықтық емес), әлеуметтік жағдайлар (білім, денсаулық, мәдениет), демографиялық, табиғи, ғылыми-техникалық жағдайлар айқындалды.

- Ауыл халқының әл-ауқатын арттыру мақсатында жаңа жұмыс орындарын құру арқылы халықтың табысын арттыру, кәсіпкерлікті дамыту мен халықты кәсіпкерлік қызметке жұмылдыру мен белсендігін арттыру шаралары тиімді мемлекеттік институттар аспектісінде әзірленді.

**Магистрлік жұмыстың құрылымы.** Бұл жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

**Жарияланымдар.** «Ауылдық аумақтарда халықтың әл-ауқатын арттыру жолдары (Түркістан облысы Келес ауданы мысалында)» атты мақала Интернаука: электрон. ғылыми журналының 2024 жылы № 3 (320) жарық көрді.

# 1 ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

## 1.1 «Халықтың әл-ауқаты» категориясының әлеуметтік – экономикалық мазмұны

Халықтың әл-ауқатын зерттеуге арналған шетелдің және отандық зерттеуші ғалым-экономистердің зерттеген еңбектерін қарастырамыз. Халықтың әл-ауқатының мазмұнымен мәнін, құрылымын, әдіснамалық тәсілдерін қалыптасу элементтері мен шарттарына сәйкес зерттелеген еңбектеріне шолу жасаймыз.

Ғылыми еңбектерде «әл-ауқат» категориясына анықтама беру кезінде мазмұны мен мәнін әр түрлі сипатта қарастырылады. А. Маршалл мен А. Пигудың еңбектерінде әл-ауқатты экономикалық аспектіде өмір сүрудің материалдық негізі ретінде қарастырып, ақшалай эталонмен өлшеу керектігін алға тартады.

Ал, Дж. Гэлбрейт, Дж.М.Кейнс П. Самуэльсон секілді ғалымдар «халықтың әл-ауқат» категориясын кең мағынада саралайды, яғни адамның әлеуметтік-экономикалық ортадағы жағдайы, жұмыспен қамтылуы, денсаулығы, мәдени және кәсіби тұрғыда жетілуімен, демалыс жағдайы, қоршаған ортаның жағдайымен байланыстырады. Сонымен қатар, адамның шығармашылық мүмкіндіктерін толыққанды ашуға, бар жігерін пайдалану мүмкіндіктеріне ие болу секілді сипаттарға ерекше мән береді [1].

Халықтың әл-ауқаты әлеуметтік-экономикалық категория ретінде адамның өмір сүруіне қажетті игіліктер мен қажеттіліктерді қанағаттандыру сипатымен ерекшеленеді. Ұдайы даму өндірісінің– өндіріс, тұтыну, айырбас және таратуфазаларында және мәдениет пен білім, қоғамдық-саяси өмірдегі сан алуан қажеттіліктерінің қамтамасыз етілуімен сипатталады.

Демек, аталған қажеттіліктерді қанағаттандыру халықтың әл-ауқатының қалыптасуының негізі болып табылады.

Л.М. Бутова халықтың әл-ауқатын экономикалық категория ретінде 3 элементтің бірлігі ретінде қарастырады: объект, субъект және олардың арасындағы қатынастардың сипаты.

Әл-ауқаттың объектісі ретінде – материалды және материалды емес игіліктер. Материалды игіліктерге – азық-түлік, киім-кешек, жиһаз, тұрмыстық техника, автокөлік, жылжымайтын мүлік жататын болса, материалды емес игіліктерге – адами капиталдың қалыптасуына әсер ететін игіліктер мен қызметтер, яғни білім, ақпарат, мәдениет, сонымен қатар жеке және қоғамдық әл-ауқатты көтеретін тұтыну.

Әл-ауқаттың субъектісі ретінде – жекелеген индивидтер, ұй-шаруашылығы, әлеуметтік топтар, халық және қоғам. Бұл жердегі маңызды назарға алатын жәйт, ол әл-ауқаттың субъектісі игіліктерді тұтынып қана қоймай, оны құруға, өндіруге, таратуға және айырбастау процесіне тікелей қатынасады [2].

Халықтың әл-ауқаты қоғамның өндірігіш күштерінің орналастыруына және өндірістік қатынастардың сипатына тәуелді болады. Демек, халықтың әл-



ауқатының қалыптасуына өндірістік қатынастар басты роль атқарады, әрине өндірістің жағдайына, шартына және нәтижесіне меншіктік қатынастың негіз болатынын назардын тыс қалдырмауымыз керек. Себебі бұл қатынастар халықтың өмір сүру деңгейін анықтайды, ол өз алдына қоғамда материалды және материалдық емес игіліктерді құратын өндіріс пен таратудан тәуелді болады.

Дегенмен, халықтың әл-ауқаты тек қана өндірістен және таратудан тәуелді болып қана қоймай қоғамның ұдайы даму өндіріс фазасындағы қосымша айырбас пен тұтынудан да тәуелді және сол фазалардың барлығына қатысты құбылыс болып табылады.

Демек, еңбек арқылы өндірілген өнім меншіктік қатынастарды ескере келе таратылады және оған қатынасушылары арқылы тұтынуға қатысты жағдайда айырбас процесіне түседі.


Тарату мен айырбас жинақтала келе, қатынасушыларға қанша және қандай көлемде тиесілі болатындығы тұтыну процесі кезінде анықталынады. Экономикалық заңдылықтарға сәйкес тарату фазасы кезінде өндірілген өнімде қоғамның әр мүшесіне сәйкес үлесі анықталынып, болашық тұтынудың сандық сипаты айқындалынады немесе есептелінеді. Ал, айырбас кезінде құн, сұраныс пен ұсыныс, ақша айналымы заңына бағынатын нарықтық қатынастырдың ықпалы әсерін тигізеді. Нәтижесінде халыққа қажетті игіліктердің, яғни қажеттіліктерді қанағаттандыратын спалы көрсеткіштер анықталынады [3].

В.Н. Бобковтың еңбегінде ақшалай табыс пен тұрғын-үймен қатамасыз ету көрсеткіштері негізінде материалды игіліктердің дифференциациясын анықтау тәсілін ұсынады. Материалды игіліктердің критерийлерін – ақшалай табыс пен тұрғын үймен қатамасыз ету көрсеткіштерінің әлеуметтік стандарттары арқылы анықтайды. Ақшалай табыс бойынша күнкөріс деңгейінің мөлшерін төрт стандартқа бөліп, бірінші стандартқа – 1 күнкөріс деңгейі, екінші стандарт – 2-күнкөріс деңгейі, 3 стандарт 3,2 күнкөріс деңгейі, төртінші стандарт 11 күнкөріс деңгейіне жіктейді. Соған сәйкес табысы бар және жас ерекшеліктеріне қарай халықтың топтары қаншалықты осы стандарттарға сәйкес табысының деңгейіне байланысты топтастырға қол жеткізеді. Осы әдіс арқылы халықтың жас ерекшеліктеріне сәйкес топтарының ақшалай табысын көтеру арқылы әл-ауқатын арттыруға қатысты ұсыныс беріп отыр [4].

А.Р. Сафиуллиннің пікірі бойынша, халықтың әл-ауқаты өмір сүру аясына сәйкес қажеттіліктермен қанаттандыру дәрежесімен сипатталады деп ойын ортаға салады. Сонымен қатар, халықтың әл-ауқаты тек материалды элементтермен шектеліп қана қоймай, әлеуметтік және психологиялық тұрғыдағы элементтерден (қоғамдық өмірге қатысу, өзін – өзі сыйлау сезімі, жасап жатқан жұмыстың және онымен қанағаттану сипаты) құралатындығын айтады. Әл-ауқат категориясын бірнеше санатқа жіктеу арқылы қарастырады, яғни жеке тұлғаның, әлеуметтік топтардың жасына, белгілі-бір іспен айналысу аясына, табысының деңгейіне сәйкес игіліктер және елдегі, өңірдегі, аумақтағы халықтың, сонымен қатар жалпы қоғамның игілігі тұрғысында жіктеліп қарастырылатынын ұсынады.

Сонымен қатар, А.Р. Сафиуллиннің еңбегінде халықтың әл-ауқатының қалыптасу векторының өзгеруі экономикалық өсімнің ықпалында

болатындығын тұжырымдайды және экономикалық қызметте халықтың белсенді қатысуымен, нарықта тұтыну тауарларымен қамтамасыз етілу жағдайымен ақшалай табытың жоғарлауы мен кедейшілік деңгейінің төмендеуімен ұштасып, нәтижесінде халықтың әл-ауқатының қалыптауына оң әсерін тигізетіндігін нақтылайды (Сурет 1) [5].



1-сурет – Халықтың әл-ауқатының құрылымы  
Ескертпе – Автормен [1-6] дерекөздер негізінде құрастырылған.

Е.В. Имамованың зерттеуі бойынша экономикалық тұрғыда ақшалай табыс халықтың әл-ауқатын анықтайтын аса күрделі ұғым екендігін алға тартады.

Халықтың табысының қалыптасу негізі болып табылатын экономикалық қатынастар қайта құрылған немесе қалыптасқан құнның таратылу мен қайта таратылу процесі кезінде қалыптасатынын айқындап өз пікірін ортаға салып отыр [6].

## 1.2 Халықтың әл-ауқатын арттыруға әсер ететін факторлар

Халықтың әл-ауқатын көтеру мәселесіне қомақты үлесін қосып келе жатқан отандық зерттеушілердің қатарында С.Н. Гайсинаның еңбегін атап өткен жөн. Халықтың әл-ауқатына әлеуметтік жандану жағдайында халықтың өмір сапасының материалды және материалды игіліктердің құрамдас бөлігіне кіретінін алға тартады. С.Н. Гайсинаның пікірінше халықтың өміс сапасының құрамдас бөлігіне келесі компоненттер кіреді: - дамыған мемлекеттердің стандарттарына сәйкес келетін материалды, әлеуметтік және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыра алатын ақшалай табыстың деңгейі; - адами капиталдың қалыптасуы мен дамуына оң әсер ететін, денсаулықты сақтауға жеткілікті және материалды және материалды игіліктерді тұтыну деңгейін қамтитын тұтынудың сапасы; - әлеуметтік-еңбек сферасы мен еңбек күшінің сапасы; - әлеуметтік және еңбек мобильділігінің жоғары деңгейі; - халықаралық критерийлерге сәйкес келетін жоғары стандарттағы сапалы әлеуметтік қызметтердің деңгейін қамтамасыз ететін әлеуметтік сфераның сапасы; - халықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қоршаған ортаның сапасы [7].


Жоғарыда келтірілген компоненттердің халықтың әл-ауқатына кешенді түрде әсерін беретін фактор ретінде қабылдауымыз қажет.

Жалпы халықтың әл-ауқаты деңгейіне халықтың өмір сүру деңгейінің және өмір сапасының жоғарылығы секілді факторға тәуелді екендігін айтуымыз керек. Бұл маңызды фактордың орын алуы қалыптасқан ұлттық табыстың таратылу мен қайта таратылу негізінде әлеуметтік әділеттілік қағидатын ұстанған жағдайда толыққанды жүзеге асады.

Халықтың әл-ауқатының қалыптасу процесі динамикалық тұрғыда өзгерістерге ұшырап отырады, себебі қажеттіліктердің құрамы, көлемі, мөлшері тұрақты сипат алмайды. Олар кезегінде шығу табиғатына мен әсер ету дәрежесіне сәйкес әр түрлі жағдайларға байланысты өзгеріске ұшырап отырады.

Халықтың әл-ауқатының қалыптасуы мен дамуына ықпалын тигізетін факторлардың жіктелімін келесі сызбадан көруге болады.

Халықтың әл-ауқатының қалыптасуына әсер ететін экономикалық факторды қарастырсақ, онда ол нарықтық және нарықтық емес аспектіде реттелінеді және мемлекет тарапынан қажетті саясаттың қолдану аясымен толықтырылып отырады (Сурет 2).





2- сурет – Халықтың әл-ауқатының қалыптасуы мен дамуына әсер ететін факторлар

Ескертпе - Автормен [1-6] дерекөздер негізінде құрастырылған.

Территориялық-кеңістікті жағдайда халықтың қай жерде орын теуі өмір сүруіне байланыссыз әл-ауқат деңгейінің дамуын басты шарт деп есептесек, табиғи-климаттық жағдайдың, табиғи ресурстарға қанық болуы оны жалпы қоғамдық мүддені бірінші басымды бағыт ретінде қойып, тарату мен қайта тарату тетіктері арқылы әділеттілік қағидатын ұсану арқылы басқару мен реттеу мемлекет тарапынан жүзеге асырылады. Сонымен қатар, мемлекет пен қоғамның арасындағы тікелей дәнекер ретінде экономикалық еркіндікті, әлеуметтік факторды мейлінше ескеретін институционалды институттардың орын алуы маңызды фактор болып табылады.

Теориялық және әдіснамалық тұжырымдарды саралай келе қазіргі заманауи үрдістерді ескеретін болсақ, халықтың әл-ауқатына бірден-бір әсер ететін

факторлардың бірігейі *тиімді мемлекеттік институттардың* маңызды орын алып отырғандығын айта кеткен жөн. Ч. Уиланның пікірі бойынша «...кез келген мемлекеттің қарқынды экономикалық өсімі мен дамуы үшін заң жүйесі, құқық қорғау органдары, сот, базалық инфрақұрылым, салық жинай алатын үкімет қажет, осы аталған институттар капитализмнің жүріп келе жатқан рельсі іспетес және ол аса шынайлық сипатта болуы қажет» [8].

Экономикалық өсімнің мемлекеттік мекемелердің тиімділігіне тәуелділігі жөнінде зерттеу жұмыстарында басқару, құқық үстемдігі, нормативті-құқықтық сәйкестік, жемқорлық секілді көрсеткіштердің жан басына шаққандағы табыс мөлшері, бала өлімінің төмен мөлшері, жоғары сауаттылығы секілді көрсеткіштермен тығыз байланыстың, яғни себеп-салдар байланысының орын алғандығын Дүниежүзілік банктің 150 елді зерттелеу нәтижесінде анықтаған.

Жоғарыда айтып өткеніміздей халықтың әл-ауқаты әлеуметтік-экономикалық категория ретінде адамның өмір сүруіне қажетті ігіліктер мен қажеттіліктерді қанағаттандыру сипатымен ерекшеленетінін ескерсек, онда аталған қажеттіліктерді қанағаттандырудың негізгі факторы ол – ақшалай табыс болып табылады.

Е.В. Имамованың зерттеуі бойынша ақшалай табыс – белігілі бір уақыт аралығында барлық ақшалай қаражаттардың түсімі екендігін және қоғамдағы ұлттық табыстың бөлігі екендігін айтады. Ақшалай табыстың экономикалық мәні екі түрлі мағынада түсіндіріледі. Бірінші, табыстың еңбек арқылы құрылған қоғамдық өндірістің құн өлшемінде қалыптасуы мен пайда болуы. Екінші, табыстар таратылу процесінен қалыптасады немесе пайда болады. Таратылу қатынастары меншіктік қатынастармен байланысып, имемдену арқылы және сол имемденудің әр түрлі деңгейі арқылы халықтың табысының мөлшерін анықтайды. Ол дегеніміз халық пен кәсіпорындар, халық пен мемлекет арасындағы экономикалық қарым-қатынастар нәтижесінде таратылу мен қайта таратылу процесі кезінде ақшалай табыс қалыптасады [6].

Кез келген қоғамның іргелі капиталы, негізгі байлығы экономикалық белсенді халық өкілдері болып табылады. Қоғамның әл-ауқатының деңгейінің жоғарылығы халықтың экономикалық белсенді құрылымында кәсіпкерлер үлесінің жоғары болуымен байланысты болады.

Себебі, кәсіпкер экономикалық қызметтердің аясында материалды және матриалды емес игіліктер мен қызметтірді жасайды. Кәсіпкер – жұмыс беруші, инвестор, меншік иесі, қоғамның белсенді мүшесі болып табылады.

Осы аспектіде халықтың әл-ақатының деңгейіне оңды ықпал ететін негізгі факторлардың бірі ретінде кәсіпкерлік қызметті толықнды жатқызуымызға болады.

Қорытындылай келе, халықтың әл ауқатының дамуына бірден-бір әсер ететін факторлардың жиынтығына тиімді мемлекеттік институттарының қызметін толыққанды қосуымызға болады және бұл мәселенің теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік аспектідегі маңыздылығына ерекше мән беруіміз керек.

### **1.3. Халықтың табысын арттырудағы әлемдік тәжірибе**

Әлемдік тәжірибеде халықтың табысын арттыру бойынша әртүрлі тәсілдер қолданылады. Кейбір елдерде халықтың табысын арттыру үшін табысты инфляциядан қорғау мақсатында индексациялау жүргізіледі. Ал өзге елдерде тұрақты табыс көзі жоқ кедейлік шегіндегі халықты жан жақты жұмысқа жұмылдыру тәсілдері қолданылады. Ал Еуропаның дамыған елдері бұл бағытта өзінің жетік пысықталған әлеуметтік көмек жүйесімен танымал. Әлемдік тәжірибені зерттеу барысында осы аталған тәсілдерге тоқталып өтейік.

Кедейлік пен төмен табыспен күресуде айтарлықтай жетістікке жеткен елдердің бірі Қытай Халық Республикасы. Соңғы 40 жылда Қытайда кедейлік шегінен 800 млн адам шығарылды. Мемлекет тарапынан мақсатты түрде іске асырылған шаралардың нәтижесінде елде кедейлік деңгейі 94%-ға азайған.

Қытайда кедейлікпен күрес саясаты «әр азаматтың әлеуметтік даму игіліктеріне қол жеткізу мүмкіндігі болуы керек» деген қағидаға негізделген. Аталмыш қағида кедейлікті жоюға және жалпы гүлденуге бағытталған. Оның қозғалқыш күші инновацияларды енгізу, экологиялық даму, ашықтық және барлығына бірдей қолжетімді даму. Бұлардың барлығы мемлекет, нарық және қоғамды қамтитын көп субъектілік кедейлікке қарсы үлгіні құру үшін қызмет етеді.

Соңғы онжылдықтарда Қытайда ауыл шаруашылық өндірушілерін қолдау, ауылдардан қалаға ішкі көші-қонды ынталандыру бойынша белсенді саясат жүргізілді. Кедей шекаралық аудандар мен аз ұлттар тұратын өңірлерге, әйелдердің, балалардың, қарттардың, мүгедектердің өмірін жақсартуға жеке назар аударылды.

Өткен ғасырдың екінші жартысында Қытай халықты азық-түлікпен қамту бойынша орасан проблемаларға тап болды. Ел халқы тамақтың жетіспеушілігінен жапа шекті. Бұл ретте Қытайда ауыл шаруашылығының дамуы мен кедейлікті жою қатар іске асырылғанын атап өткен жөн. Ауылдық жерлерде жер реформаларын өткізу, суару инфрақұрылымын жақсарту өнімділіктің артуына және ауылшаруашылық өнімі өндірісінің тұрақты өсуіне әкеліп соқтырды.

Ауыл шаруашылығын дамыту және кедейлікпен күрес шараларымен қатар Қытайда баспана мәселесі де белсенді шешіле басталды. Мемлекет ауылдық жерлердегі халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету, медициналық қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша мәселелерді де шеше бастады. Іске асырылған шаралар нәтижесінде Қытайда өмір ұзақтығы 35 жастан 77 жасқа дейін өсті. 2018 жылдың қорытындысы бойынша елдегі үй қожалықтарының 98%-ы таза ауыз сумен қамтылды. Әлеуметтік сақтандыру жүйесі құрылып, базалық сақтандыру қызметімен 941 млн адам қамтылды. Ал медициналық сақтандырумен қамтылған халық саны 1,3 млн адамға жетті.

Қытайдың жетістігінің аса маңызды факторларының бірі кедейлікпен күрестің жалпы ұлттық сипаты. Бұл мәселені шешуге барлық жақтар жұмылдырылды, олардың ішінде мемлекеттік аппарат, партия, жеке сектор, қоғамдық ұйымдар және жалпы ел халқы.

Мысалы кедейлікпен күреске Қытайда жеке сектор белсенді рөл ойнайды. Елде «10 000 кәсіпорын 10 000 ауылға жәрдемдеседі» жобасы іске асырылды.

Оның аясында 60 мыңнан астам жеке кәсіпорындар қатысты. Ірі кәсіпорындардың кедей уездерге басшылық ету тәжірибесі де кеңінен қолданылды. Жеке сектор мен ауылдардың тиімді әрекеттесуінің мысалы ретінде Таобао ауылын келтіруге болады. Бұл ауылдарға электрондық коммерция арқылы өнімін өткізуге көмектесетін Alibaba компаниясының жобасы.

Қорытындылайтын болсақ, Қытайда кедейлікпен күрес жан-жақты және елдің әлеуметтік-экономикалық даму векторын айқындайтын мақсатты сипатқа ие. Қытайдың тәжірибесі көрсеткендей кедейшілікті төмендету міндетін адам өмірінің барлық салаларын қатар дамыту, оның ішінде тамаққа, ауызсуға, тұрғын үйге деген ең төменгі қажеттіліктерді қанағаттандыру және білім беру, денсаулық сақтау, кәсіптік қызметтің қолжетімділігін арттыру, кәсіби өсу және шығармашылық табысқа жету арқылы адам әлеуетін ашу жолымен ғана шешуге болады.

Халықтың табысын арттырудағы айтарлықтай жетістікке жеткен мемлекеттердің арасында Бразилия елін атап өтуге де болады. Экономикалық өсімнің жемісі белгілі бір ғана топтардың мүддесіне жұмыс істеген 1970 жылдардағы экономикалық ғажайып уақытымен салыстырғанда, елдегі 2000 жылдан кейінгі экономикалық өсім жан-жақты болды. Жаңа экономикалық модельдің арқасында Бразилияда 2001 жылдан 2012 жылдар арасында ең төменгі жалақы мөлшері 93%-ға артты. Бұған сол кезде билікте болған Луланың жаңа индексация тәртібін енгізуі себеп болды. Бұл тәртіпке сәйкес жалақының ең төменгі мөлшері өткен жылдағы тұтыну бағасының индексінің өзгеруіне сәйкес индексациядан өтіп отырады, нәтижесінде бұған дейінгі екі жылдың экономикалық өсімі ескеріледі. Осылайша бұл тәртіп ең төменгі жалақының сатып алу қабілетін қамтамасыз етіп қана қоймай, оның экономикалық өсім қарқынына сай нақты өсуін қамтамасыз етеді.

Ең төменгі жалақы мөлшері ұлттық деңгейде тоқтатылатыны және бейресми секторда еңбек ақысының бағдары болғандықтан орын алып отырған оң өзгерістің нәтижесі елдегі өңірлік теңсіздіктің қысқаруы болып отыр. Елдің нашар дамыған өңірлеріне (Солтүстік және Солтүстік-Шығыс) көбірек мемлекеттік инвестициялар бағыттаумен қатар, әсіресе инфрақұрылымды дамытуға, ең төменгі жалақы деңгейін қайта индексациялау гендер арасындағы және өңірлер арасындағы еңбек диспропорциясын азайтты және тұтынуды күрт арттырудың тиімді тетігі болып шықты, бұл өз кезегінде дамудың қозғаушы күшіне айналды.

Сонымен қатар теңдікті орнату және кедейлікті азайтуға жәрдемдесетін негізгі факторлардың бірі Бразилияда 1988 жылы жасалған әлеуметтік қамту жүйесі болып табылады. Мысалы, 1988 жылы елде базалық жәрдемақы ең төменгі жалақымен теңдестірілді. Сондай-ақ ауыл шаруашылық қызметкерлері жинаған қорларына қарамастан ең төменгі жалақы мөлшерінде негізгі зейнетақыны алуға құқылы. Нәтижесінде елде ауыл мен қала, әйелдер мен ерлер арасындағы теңдік орнады.

Оның үстіне Бразилияның әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі ең кедей топтарға материалдық әлеуметтік қолдауға кепілдік береді. Құрамында 65

жастан жоғары адамдары немесе мүгедектер бар отбасыларға бір ең төменгі жалақы мөлшерінде жәрдемақы беріледі (Benefício de Prestação Continuada - BPC). Басқа әлсіз топтарға «Отбасылық стипендия» (Bolsa Familia) төленеді.

Осылайша жұмысбастылықтың жаңа мүмкіндіктерімен үйлестірілген сапалы өсім, жалақының ұдайы өсуі Бразилияда кедейлік деңгейінің едәуір қысқаруына әкеліп соқтырды. Ел бойынша 31 млн адам кедейлік шегінен шығарылды.

Бразилияның мысалында табыстарды үлестіруде институционалдық құрамның қаншалықты маңызды екенін байқауға болады. Президент Луланың қосқан үлесіне қарамастан Бразилиядағы кедейлік пен теңсіздіктің азаюы жалпыұлттық ең төменгі жалақының болуының арқасында орын алды.

Ал еуропа елдерінің халықтың табысын арттыру моделінің негізінде дамыған міндетті сақтандыру жүйесі жатыр. Оған сәйкес адам қаншалықты ұзақ жұмыс істесе, оның әлеуметтік қорғау деңгейі соғұрлым жоғары болады. Яғни жеңілдіктер көбірек, жәрдемақы көлемі де жоғары және т.б. Бұндай модель мысалы Германия, Нидерланды, Франция сияқты елдерге тән. Еуропаның оңтүстік елдерінде бюджеттен берілетін жеңілдіктер және субсидиялар өте қарапайым.

Еуропалық одақтың табыс деңгейі мен материалдық-тұрмыстық жағдайлары туралы статистикасына сәйкес, табысы төмен топқа табысы елдегі орташа жалақының 60%-дан азын құрайтын адамдар кіреді. Бұл топқа жалғызбасты аналар, білімі жоқ адамдар, зейнеткерлер, мигранттар, жұмыссыздар кіреді. Кедейлікті экономикалық өсу мен әлеуметтік прогреске кедергі ретінде қарастыра отырып, ЕО тұрмыс деңгейі төмен адамдардың үлесін 20 миллион адамға азайтуға күш салуда.

Бұл міндетті жүзеге асыру үшін азаматтарды әлеуметтік қорғаудың ұлттық бағдарламалары жүзеге асырылуда. Әлеуметтік қорғау бағдарламалары негізінен бюджет қаражаты, сондай-ақ жұмыс берушілер мен қызметкерлер есебінен қаржыландырылады. Скандинавия елдері әлеуметтік қорғаудың ең инклюзивті моделін әзірледі. Скандинавия елдеріндегі әлеуметтік қорғау бағдарламалары табысы мен еңбекке қатысуына қарамастан халықтың барлық топтарына стандартты ақшалай және заттай жәрдемақылар мен қызметтерді ұсынады.

Келтірілген әлемдік тәжірибеден Қазақстан үшін үлгіге алатын сәттер бар. Ауыл халқының үлесі жоғары ел ретінде Қазақстанға Қытайдың барлық азаматтардың базалық игіліктерге қолжетімділігін қамтамасыз ету саясаты үлгі бола алады. Ауылдық жерлерде халықтың табысын арттыру, инфрақұрылымды жақсарту және әлеуметтік қорғау тетіктерін қатар дамыту қажет. Сол кезде ғана жан-жақты дамуды, ауыл халқының табысын арттыруға қол жеткізуге болады.

Бразилияның ең төменгі жалақыны инфляцияға сәйкес индексациялау да Қазақстан үшін қолданысқа алу керек тетіктердің бірі. Өйткені, елдегі жоғары инфляциялық жағдайда жалақыны индексациялау халықтың сатып алу қабілетін тұрақты деңгейде ұстап тұруға жәрдемдеседі.

Сондай-ақ, еуропа елдерінің әлеуметтік қамту жүйесі де Қазақстанға үлгі бола алады. Өйткені, атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау, төлеу және нақты мұқтаж адамдарға жеткізуге қатысты елде бірқатар проблемалар бар.



## **2 АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ**

### **2.1 Халықтың ақшалай табысының даму үдерісі**

Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сәйкес соңғы 3 жылда халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай

табыстарының көлемі 51 239,0 теңгеге немесе 39,2%-ға өскен. Бұл ретте 2023 жылы республика бойынша халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстарының көлемі 181 855 теңгені құрады.

Республика бойынша орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстың көлемі бойынша ең жоғары деңгейі 2023 жылы Атырау облысында тіркеліп отыр – 357 093,0 теңге. Бұл көрсеткіш республика бойынша орташа деңгейден 96,3%-ға немесе 2 есе артық. 2021-2023 жылдары аралығында облыста орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстың көлемі 105 496,0 теңгеге (41,9%-ға) өскен. Бұл республика бойынша ең жоғары көрсеткіш болып отыр.

Халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстарының көлемі бойынша Атырау облысынан кейін екінші орында индустриалды Ұлытау облысы орналасып отыр. 2023 жылдың нәтижесі бойынша бұл көрсеткіш облыста 258 068 теңгені құраған. Ал Ұлытау облысынан кейінгі 3 және 4 орындарда Алматы (249 979 теңге) және Астана (249 768 теңге) қалалары.

2023 жылдың қорытындысы бойынша орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыс көлемінің ең төмен деңгейі Түркістан облысында тіркелді – 98 497,0 теңге. Бұл республика бойынша орташа көрсеткіштен 83,4 мың теңгеге немесе 45,8%-ға кем. 2021-2023 жылдары облыста орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыс көлемі 29 394,0 теңгеге ғана өскен, бұл өңірлер арасындағы ең төмен көрсеткіштердің бірі.

Қарастырылып отырған кезеңде өңірлердің көрсеткен қарқынын қарастыратын болсақ, онда 6 өңір республикалық көрсеткіштен төмен қарқынды көрсеткен. Олар Абай (36,2%), Ақмола (37,9%), Алматы (29,0%), Жетісу (32,8%) облыстары, Астана (28,5%) және Шымкент (33,4%). Ал 2021-2023 жылдары 14 өңірде орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыс көлемінің өсу қарқыны республика бойынша орташа көрсеткіштен жоғары болған.

Өңірлер бойынша халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстарын талдай отырып, өңірлердің экономикалық деңгейі туралы келесі қорытындыны жасауға болады – халықтың жан басына шаққандағы табыс деңгейі өңірдің экономикалық әлеуетіне тікелей байланысты. Жоғары табыс деңгейі экономикасы әртараптандырылған қуатты өңірлерде немесе табиғи ресурстарға бай өңірлерде орын алып отыр (Атырау, Ұлытау, Маңғыстау, Қарағанды, ШҚО, Павлодар облыстары және Астана, Алматы қалалары).

Сәйкесінше халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстарының төмен деңгейі көбінесе экономикасы индустриалдық-аграрлық бағыттағы өңірлерде тіркеліп отыр. Атап айтқанда, орташа республикалық деңгейден төмен көрсеткішті БҚО, Қостанай, Ақмола, СҚО, Ақтөбе, Абай, Алматы, Қызылорда, Жамбыл, Жетісу, Түркістан облыстары және Шымкент қаласы көрсетіп отыр.

Кесте 1 - Халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстарының көлемі

Өңірдің атауы	2021ж.	2022ж.	2023ж.	2023 жылы 2021 жылға қатысты өсуі	
				теңгемен	%
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>130 616</b>	<b>157 017</b>	<b>181 855</b>	<b>51 239,00</b>	<b>39,2</b>
Абай	116 776	136 870	159 097	42 321,00	36,2
Ақмола	122 039	147 592	168 351	46 312,00	37,9
Ақтөбе	115 009	136 997	163 537	48 528,00	42,2
Алматы	101 709	118 784	131 219	29 510,00	29
Атырау	251 597	315 448	357 093	105 496,00	41,9
БҚО	128 077	152 415	179 376	51 299,00	40,1
Жамбыл	90 255	110 638	128 843	38 588,00	42,8
Жетісу	91 986	106 683	122 190	30 204,00	32,8
Қарағанды	140 164	170 056	202 113	61 949,00	44,2
Қостанай	124 221	148 433	176 606	52 385,00	42,2
Қызылорда	92 531	112 979	131 052	38 521,00	41,6
Маңғыстау	156 740	199 354	231 184	74 444,00	47,5
Павлодарская	138244	171 655	197 376	59 132,00	42,8
СҚО	117 275	142 554	164 484	47 209,00	40,3
<b>Түркістан</b>	<b>69 103</b>	<b>82 900</b>	<b>98 497</b>	<b>29 394,00</b>	<b>42,5</b>
Ұлытау	162 387	209 040	258 068	95 681,00	58,9
ШҚО	133 689	169 657	201 108	67 419,00	50,4
Астана қ.	194 398	223 542	249 768	55 370,00	28,5
Алматы қ.	179 554	214 112	249 979	70 425,00	39,2
Шымкент қ.	81 714	94 484	108 989	27 275,00	33,4

Ескертпе – автормен [12] дереккөз негізінде құрастырылған.

Барлық өңірлер бойынша халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстарының өсуіне қарамастан ағымдағы жай-күйде келеңсіз үрдістер байқалуда. Өйткені халықтың атаулы ақшалай табысы нақты табыс деңгейі туралы айқын көріністі бермейді.

Сондықтан халықтың табыстары мөлшерінің өсуін бағалау үшін олардың нақты индекстерін қарастыру қажет. Бұл ретте соңғы 5 жылда халықтың нақты ақшалай табыстарының индексінің өсу қарқынының тұрақты түрде төмендеуі байқалады. Атап айтатын болсақ, 2019 жылдың қорытындысы бойынша халықтың нақты ақшалай табыстарының индексінің өсу қарқыны 6,4%-ды құраса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 1,1%-ға дейін төмендеген (2019 ж. – 6,4%, 2020 ж. – 4,3%, 2021 ж. – 4,0%, 2022 ж. – 4,5%, 2023 ж. – 1,1%).

Орын алып отырған жағдай экономикалық өсудің баяулауына (2019 ж. 4,5%, 2020 ж. -2,5%, 2021 ж. 4,3%, 2022 ж. 3,2%, 2023 ж. 5,1%) және жоғары инфляциялық қысымға байланысты болып отыр (2020 ж. – 7,5%, 2021 ж. – 8,4%, 2022 ж. – 11,9%, 2023 ж. – 17,7%) [9-10]. Халықаралық ұйымдардың пайымдауынша экономикалық өсудің баяулауы 2024 жылы да өз жалғасын табады. Дүниежүзілік банк сарапшыларының болжамы бойынша Қазақстан экономикасының өсуі 2024 жылы 3,4%-ға дейін баяулайды және кейін 2025 жылы 4,5-5%-ға қайтып оралады, негізінен мұнай өндіру есебінен. Бұндай жағдайда халықтың ақшалай табысына қатысты келеңсіз үрдістер 2024 жылы да

өз жалғасын табуы мүмкін [11].

Кесте 2 – Нақты ақшалай табыстардың индексі, %.


Өңірдің атауы	2019	2020	2021	2022	2023
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>106,4</b>	<b>104,3</b>	<b>104,0</b>	<b>104,5</b>	<b>101,1</b>
Абай	-	-	97,5	101,6	101,8
Ақмола	108,7	109,4	105,0	104,4	98,6
Ақтөбе	109,0	99,7	107,6	103,6	104,4
Алматы	108,9	102,0	108,3	102,6	97,7
Атырау	108,5	94,8	108,0	109,5	99,5
БҚО	106,5	98,3	105,5	103,8	102,9
Жамбыл	108,9	107,4	103,8	107,5	101,8
Жетісу	-	-	97,7	101,1	99,7
Қарағанды	106,5	114,9	97,2	105,0	103,6
Қостанай	107,2	107,3	108,6	104,2	104,0
Қызылорда	109,4	103,8	100,7	106,7	101,4
Маңғыстау	99,1	96,1	101,3	108,5	100,3
Павлодарская	108,6	105,0	106,8	108,5	100,3
СҚО	106,1	109,8	106,4	105,9	99,8
<b>Түркістан</b>	<b>114,0</b>	<b>112,7</b>	<b>100,6</b>	<b>104,0</b>	<b>103,7</b>
Ұлытау	-	-	112,5	111,1	107,3
ШҚО	108,5	106,9	103,8	110,1	103,4
Астана қ.	104,2	99,7	103,5	99,1	97,0
Алматы қ.	103,0	102,6	101,3	103,8	102,0
Шымкент қ.	113,6	101,2	100,1	101,0	101,3

Ескертпе – автормен [12] дереккөз негізінде құрастырылған.

Жалпы 2019-2023 жылдар аралығында нақты ақшалай табыстардың индексінің өсу қарқынының төмендеуі барлық өңірлерде байқалады. Тіпті кейбір өңірлерде 2023 жылы нақты ақшалай табыстардың азаю фактісі тіркелген. Атап айтқанда, Ақмола облысы – 98,6%, Алматы облысы – 97,7%, Атырау облысы – 99,5%, Жетісу облысы – 99,7%, СҚО – 99,8%, Астана қаласы – 97,0%.

2023 жылдың қорытындысына сәйкес республика бойынша нақты ақшалай табыс индексі 101,1%-ды құрады. Ең жоғарғы көрсеткішті Ақтөбе облысында – 104,4%, ең төменгі көрсеткіш Астана қаласында тіркелді – 97,0%.

Түркістан облысында 2023 жылы нақты ақшалай табыс индексі 103,4%-ды құрады. 2019 жылғы жағдаймен салыстырғанда бұл көрсеткіш 10,3 пайыздық тармаққа төмен болып отыр (Сурет 3) [12].



3-сурет – Халықтың нақты және атаулы табысы индексінің 2019-2023жж. аралығындағы үдерісі

Ескертпе – автормен [9-12] дерекөздер негізінде құрастырылған.

Халықтың ауқаттылығының негізгі факторларының бірі экономикалық өсу екені белгілі. Бұл ретте өңірлер арасында ЖӨӨ көлемі бойынша едәуір алшақтықтар байқалуда.

Атап айтқанда, егер 2019 жылы ЖӨӨ ең жоғары көрсеткіші (Алматы қ.) мен ең төменгі мәні (СҚО) арасындағы алшақтық 9,8 есені құраса, 2023 жылдың қорытындысы бойынша ең жоғарғы (Алматы қ.) және ең төмен көрсеткіш (Жетісу облысы) арасындағы айырмашылық 12,9 есеге жеткен. Бұл жайт Қазақстандағы өңіраралық сәйкессіздіктердің жылдан жылға күшейіп келе жатқандығын көрсетеді.

Жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша өңірлер арасындағы алшақтық та жоғары деңгейде сақталуда. 2019 жылы Атырау мен Түркістан облысы арасындағы алшақтық 14,4 есені құраса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 10,9 есеге дейін төмендеген. Мұнай мен газ өнімдерін өндіру Атырау облысына жоғары табысты қамтамасыз етсе, қосымшы құны және өнімділігі айтарлықтай төмен, технологиялық тұрғыдан нашар қамтылған аграрлық сектордың басым болуы Түркістан облысында сәйкес деңгейде табыс деңгейін қамтамасыз ете алмай отыр [13].

Кесте 3 – Өңірлер бөлінісіндегі ЖӨӨ динамикасы, млрд. теңге.


Атауы	2019	2020	2021	2022	2023
Қазақстан Республикасы	69 532,6	70 649,0	83 951,6	103 765,5	120 561,1

Абай			1 836,0	2 383,8	3 034,1
Ақмола	1 933,6	2 283,9	2 678,1	3 484,6	3 685,3
Ақтөбе	2 974,4	2 956,9	3 586,2	4 416,9	4 717,9
Алматы облысы	3 246,1	3 731,0	3 379,7	4 267,7	4 974,9
Атырау	9 327,3	7 738,3	10 627,6	13 725,4	14 950,4
БҚО	2 946,4	2 736,0	3 533,0	4 435,1	4 811,1
Жамбыл	1 712,9	1 901,4	2 262,8	2 685,5	3 108,4
Жетісу			1 227,1	1 426,9	1 923,7
Қарағанды	5 388,3	6 099,9	6 069,4	7 278,1	8 449,3
Қостанай	2 451,7	2 872,2	3 516,2	4 182,1	4 613,2
Қызылорда	1 828,9	1 645,1	1 926,0	2 417,4	2 860,0
Маңғыстау	3 685,4	3 074,4	3 627,0	4 401,2	4 867,0
Павлодар	3 029,6	3 120,1	3 883,8	4 296,9	4 346,5
СҚО	1 382,3	1 571,9	1 790,8	2 198,9	2 229,3
Түркістан	2 016,1	2 384,2	2 808,0	3 517,3	4 166,4
Ұлытау			1 376,9	1 609,7	1 949,7
ШҚО	4 025,0	4 605,5	3 227,6	3 916,8	4 470,6
Астана қ.	7 834,8	7 975,3	8 923,7	10 672,5	12 875,0
Алматы қ.	13 547,0	13 459,8	15 000,1	19 154,5	24 828,7
Шымкент қ.	2 203,0	2 493,2	2 671,5	3 294,4	3 699,7

Ескертпе – автормен [13] дереккөз негізінде құрастырылған.

Халықтың ақшалай табысына тікелей әсер ететін факторлардың бірі жұмысбастылықтың құрылымы, сондай-ақ төмен табысты жұмысшылардың үлесінің басымдығы болып табылады.

Мысалы, халықтың ақшалай табысы төмен өңірлердің жұмысбастылық құрылымында өзін-өзі жұмыспен қамтитындар үлесінің республика бойынша орташа мәннен жоғары екендігін байқауға болады. Халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстарының деңгейі республика бойынша орташа көрсеткіштен төмен болған 11 өңірде (БҚО, Қостанай, Ақмола, СҚО, Ақтөбе, Абай, Алматы, Қызылорда, Жамбыл, Жетісу, Түркістан облыстары және Шымкент қ.) өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың үлесі орташа республикалық көрсеткіштен (24,1%) жоғары болып отыр. Бұдан өңірде халықтың табысының мөлшері неғұрлым көп болған сайын, продуктивті жұмыс орындары басым болады деген пайым жасауға болады. Яғни табыс деңгейі жоғары болған сайын өзін өзі жұмыспен қамту деңгейі төмен болады (Сурет 4) [14].



4- сурет – Халықтың ақшалай табысы мен өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейінің корреляциясы


Ескертпе – автормен [14] дереккөз негізінде құрастырылған

Халықтың табысының құрылымын талдау 2023 жылы 2019 жылмен салыстырғанда жалдамалы жұмыстан түсетін табыс үлесінің артқанын көрсетеді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша халықтың табысының 65,1%-ын жалдамалы жұмыстан түсетін табыстар құраған, әлеуметтік трансферттер 21,5%, өзін-өзі жұмыспен қамту және кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыстар 9,4%, басқа табыстар 4,0% құрады. 2019 жылғы табыстар құрылымымен салыстырғанда өзін-өзі жұмыспен қамту және кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыстар үлесі 1,0 пайыздық тармаққа, әлеуметтік трансферттер 2,3 пайыздық тармаққа төмендеген. Басқа табыстардың үлесі 1,0 пайыздық тармаққа артқан.

2023 жылы абсолюттік көрсеткіште халықтың табысының құрылымы келесідегідей: жалдамалы жұмыстан түсетін табыстар – жан басына шаққанда 756,3 мың теңге жылына, өзін-өзі жұмыспен қамту және кәсіпкерлік қызметтен

түсетін табыстар – 109,5 мың теңге, зейнетақы – 200,1 мың теңге, өзге табыстар – 46,2 мың теңге. 2019 жылғы жағдаймен салыстырғанда табыстың барлық түрлері бойынша өсім байқалады. Атап айтқанда, жалдамалы жұмыстан түсетін табыстар көлемі 72,8%-ға, әлеуметтік трансферттер 51,5%-ға, өзін-өзі жұмыспен қамту және кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыстар 51,7%-ға, өзге табыстар 72,2%-ға артқан.

Жалпы 2019-2023 жылдар аралығындағы халықтың табыс құрылымындағы оң өзгерістер, атап айтқанда, жалдамалы жұмыс көздері үлесінің артуы мен жалдамалы емес табыс көздерінің азаюы, елімізде үкімет тарапынан жұмысбастылықты қамтамасыз ету мақсатында іске асырылып жатқан шаралармен байланысты деп пайымдауға болады (Сурет 5).



5-сурет – 2019-2023 жылдар аралығындағы халықтың табысының құрылымы, %.

Ескертпе – автормен [15] дереккөз негізінде құрастырылған.

Халықтың табысының құрылымын талдау нәтижелерінен шығатын тағы да бір маңызды айырмашылық ол қала мен ауыл арасындағы еңбек қызметінің сипаты. Жалпы халықтың әл-ауқатын көтеру, халықтың табысын арттыру мәселелері көбінесе ауылдық жерлерде өзекті болып отыр.

Статистикалық мәліметтерге жүгінетін болсақ, қала халқының табысының 66,6% жалдамалы жұмыстан түсетін табыстан, 7,5%-ы өзін-өзі жұмыспен қамту және кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыстардан, 21,4%-ы әлеуметтік



трансферттерден, 4,5%-ы өзге көздерден құралады.

Ал ауылдық жерлерді халықтың басты табыс көзі жалдамалы жұмыс (61,6%) және өзін-өзі жұмыспен қамту (13,8%) болып табылады. Бұл ретте әлеуметтік трансферттер үлесі 22,0%-ды, өзге табыстар 2,6%-ды құрайды. Яғни бұл цифрлар ауылдық жерлерде жұмыспен қамту мәселелерінің өзектілігі, өз бетімен жұмыспен қамтылғандар (өнімсіз жұмыстағылар) үлесінің қалаға карағанда әлдеқайда жоғары (2 есеге жуық) екенін көрсетеді [15].

Кесте 4 – Қала мен ауыл бөлінісіндегі халықтың табысының құрылымы, %

	2019ж.		2020ж.		2021ж.		2022ж.		2023ж.	
	қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл
Жалдау бойынша жұмыстан түскен табыс	64,6	56,5	59,8	54,1	62,5	57,0	65,4	61,1	66,6	61,6
Өзін-өзі жұмыспен қамтудан және кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыс	7,6	16,2	6,8	13,7	7,3	13,2	7,4	13,0	7,5	13,8
Әлеуметтік трансферттер (зейнетақыны қосқанда)	23,8	24,0	28,6	28,6	25,5	26,2	22,8	23,0	21,4	22,0
Басқа табыстар	4,0	3,3	4,8	3,6	4,7	3,6	4,4	2,9	4,5	2,6

Ескертпе – автормен [15] дереккөз негізінде құрастырылған.

Халықтың табыс құрылымындағы қайшылықтар қала мен ауыл арасындағы теңсіздікті одан әрі күшейтіп, кедейлік және табыс төмендігі сияқты мәселелерді одан әрі ушықтыруы мүмкін.

Қала мен ауыл арасындағы халықтың табысындағы орасан алшақтықтың дәлелі ретінде орташа айлық жалақы мөлшерін келтіруге болады. Қолжетімді статистикалық ақпараттарға сүйенетін болсақ, ауылдың экономикасының негізін құрайтын ауылшаруашылық саласында экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда ең төменгі орташа айлық жалақы мөлшері қалыптасқан – 242,2 мың теңге (2023 жыл 4 тоқсан). Ауыл шаруашылығындағы орташа айлық жалақы мөлшері экономика салалары бойынша орташа көрсеткіштің тек 61,5%-ын ғана құрайды. Айта кету керек, мұндай үдеріс бірнеше жылдар қатарынан сақталуда.

Ал ауыл шарушылығындағы медианалық жалақы 2023 жылы 167 мың теңгені құрап отыр. Яғни, республика бойынша осы салада жұмыспен қамтылған ауыл халқының тең жартысы осы сомадан аз жалақы алады деп пайымдауға болады.

Ауыл халқының табыс деңгейінің төмен болуы ауылдық жерлерде кедейлік, табыстағы теңсіздік сияқты проблемалардың күшеюіне әкеліп соғып отыр.

2023 жылдың қорытындысы бойынша ауылдық жерлерде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 7,0%-ды немесе 533 мың

адамды құраған. Бұл дегеніңіз республика бойынша жарты миллионнан астам ауыл тұрғыны айына 49 мың теңгеден аз табысқа күнелтуге мәжбүр дегенді білдіреді. Айта кетейік, қалалық жерде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 2023 жылы 4,1%-ды құраған. Бұндай келеңсіз ахуал бірнеше жылдар бойы сақталуда. 2019-2023 жылдар аралығында ауылдық жерде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 6,6-7,0% шеңберінде сақталуда. Ұзақ уақыт бойы жағдайдың өзгермеу себептері ауыл экономикасының тұрақсыздығы, ауылдық жерлерде өнімді жұмыс орындарының жеткіліксіз құрылуы, мемлекет тарапанынан жұмысбастылықты қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың жеткіліксіздігімен байланыстыруға болады.

Республиканың өңірлері бөлінісіндегі ахуал әркелкі. Өңірлер бойынша статистикалық ақпаратты талдайтын болсақ, 6 өңірде ауылдық жерлерде кедейлік көрсеткіштері орташа республикалық деңгейде жоғары екендігін байқауға болады. Мысалы, 2023 жылдың қорытындысы бойынша ауылдық жерлерде ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесінің ең жоғары мәне Маңғыстау облысында тіркеліп отыр – 10,9% немесе 46,7 мың адам. Екінші орында Түркістан облысы орналасып отыр. Мұнда ауылдық жерлерде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 10,1% немесе 163,4 мың адамды құрайды. Сонымен қатар, Жетісу облысының ауылдық жерлерінде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 9,3% немесе 35,8 мың адам, Ақтөбе облысында – 8,6% немесе 20,3 мың адам, ШҚО 8,5% немесе 20,7 мың адам, Абай облысында 8,2 немесе 19,2 мың адамды құрайды.

Жалпы 2019-2023 жылдар аралығындағы кезеңде 9 өңірде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен ауыл халқының үлесінің өсуі байқалады (Ақтөбе, Атырау, БҚО, Жамбыл, Жетісу, Қостанай, Маңғыстау, Ұлытау, ШҚО) [16].

Ауыл халқының табыс мөлшерінің төмендігі жоғарыда айтылғандай жұмыссыздық, еңбек қызметінің сипаты және ауыл экономикасының жеткілікті деңгейде дамымауымен байланысты. Табысы төмен ауыл халқы негізінен ауыл шарушылығы және онымен байланысты өнімсіз ұсақ өндіріс және қызметтер саласы есебінен өмір сүреді. Әрбір үшінші ауыл тұрғыны (1,2 млн адам) өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарына жатады, бұл ауылда ресми түрде жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоқ екендігін білдіреді.

Нәтижесінде ауыл халқының табыс мөлшерінің төмендігіне қатысты орын алған жағдай ауылдан еңбекке жарамды жастағы адамдардың, әсіресе жастардың қалаға жаппай қоныс аударуы, республика бойынша көптеген шағын ауылдардың жойылып кетуі сияқты келеңсіз құбылыстарға әкеліп соғып отыр.

Кесте 5 – Ауылдық жерлердегі жұмысбастылық, табыс деңгейі, көші-қон үрдісіне қатысты көрсеткіштер

	Жұмыссыздық	Өзін-өзі жұмыспен	Табысы ең төменгі	Еңбек қызметіне	Көші-қон айырмасы
--	-------------	-------------------	-------------------	-----------------	-------------------

			қамтығандар		күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі		н түсетін табыс мөлшері, жылына теңге, жылына бір адамға орташа	, адам
	адам	%	адам	%	адам	%		
<b>Қазақстан Республикасы</b>	173 086	4,8	117006 4	32, 2	532 67 1	7,0	707319	-81 899
Абай	6 113	4,8	55 466	43, 7	19 166	8,2	702 846	-5 841
Ақмола	10 143	5,2	59 764	30, 7	15 617	4,6	852 561	-5 166
Ақтөбе	6 546	5,4	24 008	19, 9	20 278	8,6	620 368	-3 192
Алматы	28 025	4,5	203 660	32, 5	46 683	3,6	746 712	303
Атырау	7 257	4,8	19 505	13, 0	15 243	4,9	767 432	-2 493
БҚО	8 161	5,0	58 844	36, 2	20 346	6,7	729 523	-2 712
Жамбыл	15 237	4,7	126 926	39, 2	48 298	7,0	575 522	-10 513
Жетісу	8 001	4,5	53 889	30, 2	35 843	9,3	594 543	-6 136
Қарағанды	3 287	3,2	15 799	15, 2	4 748	2,3	888 488	-4 663
Қостанай	8 322	4,7	48 835	27, 4	19 800	6,3	893 339	-5 000
Қызылорда	8 854	4,8	79 050	42, 9	24 317	5,4	685 870	-3 846
Маңғыстау	9 654	5,1	8 030	4,2	46 777	10, 9	845 181	-1 931
Павлодар	5 253	4,3	37 246	30, 4	11 458	5,2	898 627	-2 365
СҚО	7 817	4,8	48 685	30, 0	17 094	6,3	755 388	-4 103
Түркістан	32 436	5,0	288 173	44, 6	163 398	10, 1	598 212	-19 772
Ұлытау	1 179	4,9	4 447	18, 4	2 829	6,1	884 742	-802
ШҚО	6 801	5,1	37 737	28, 3	20 776	8,5	697 628	-3 667

Ескертпе – автормен [10] дереккөз негізінде құрастырылған.

Бүгінгі таңда ауылдық жерлердегі халықтың әл-ауқаты мен өмір сапасын арттыруға байланысты үкімет тарапынан бірқатар бағдарламалар, іс-шаралар іске асырылуда. Олардың бірі 2023 жылы бекітілген Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға

арналған тұжырымдамасы.

Тұжырымдама мынадай келесі 4 бағыт бойынша шараларды іске асыруды қамтиды:

1. Базалық қызметтерді ұсынуға сәйкессіздіктерді әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту есебінен азайту;
2. Агроөнеркәсіпті дамыту, ауыл шаруашылық кооперацияны ынталандыру, сондай-ақ ауылда кәсіпкерлікті дамыту арқылы ауыл халқының табыс деңгейін көтеру;
3. Ауылдық аумақтардың дамуын институционалдық тұрғыдан қолдау
4. Шекаралық аумақтарды дамыту.

Тұжырымдаманың іске асырылуы нәтижесінде 2027 жылға дейін табысы ең төменгі күкөріс деңгейінен төмен ауыл халқының үлесін 5,8%-ға азайту, ауылдық жерлердегі жұмыссыздық деңгейін 4,2%-ға дейін қысқарту, сумен қамту қызметтерімен қамтылу деңгейін 100%-ға жеткізу, ауылдық жерлердегі Интернет пайдаланушылар үлесін 97%-ға, нормативті күйдегі жергілікті жолдар үлесін 95%-ға, шекаралас аумақтардың халқының санын 4,0 млн адамға жеткізу, шекаралас аумақтардағы негізгі капиталға салынған инвестицияларды 80%-ға арттыру, шекаралас аудандарда 54 мың тұрақты жұмыс орындарын құру көзделуде [17].

Сонымен қатар, халықтың табысын арттыруға тікелей қатысты тағы да маңызды бір бағдарлама – ол «Халықтың табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспары.

Кешенді жоспардың негізгі мақсаты азаматтардың, оның ішінде ауыл тұрғындарының табыс деңгейін арттыру.

Бағдарлама бюджет пен кәсіпорындар есебінен жалақыны тікелей арттыруға ғана емес, сонымен қатар адами капиталды дамытуға, кәсіби дағдыларды арттыруға, еңбек өнімділігін арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларын алатын орта және ірі кәсіпорындардың жалақыны арттыру және жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету бойынша ортақ жауапкершілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Кешенді жоспарды іске асыру мынадай 5 бағыт бойынша іс-шараларды қамтиды:

- 1) өңірлік жұмыспен қамту карталары шеңберінде экономиканың нақты секторында жұмыс орындарын құру;
- 2) «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру шеңберінде ауыл халқының табысын арттыру;
- 3) табыс деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін жүйелі шаралар және мемлекеттік қолдау шаралары;
- 4) бюджеттен төленетін жалақыны арттыру жөніндегі міндеттемелер;
- 5) халықты мемлекеттік әлеуметтік қолдау.

Кешенді жоспарды іске асыру нәтижесінде 2029 жылға дейін 3,3 млн-нан астам адам, оның ішінде 2,3 млн. жастар жұмысқа орнатылады, ЖІӨ-дегі еңбекақы төлеу үлесі 41,1%-ға дейін ұлғаяды (30,1%-дан), кедейшілік деңгейі 5%-ға дейін (5,3%-дан), жұмыссыздық деңгейі 4,6%-ға (4,9%-дан) дейін төмендейді деп жоспарлануда [18].

## 2.2. Түркістан облысы Келес ауданы халқының әл-ауқатына талдау жүргізу

Келес ауданы Түркістан халық саны бойынша ірі аудандарының бірі. Келес ауданы 2018 жылы 5 маусымда Сарыағаш ауданын екіге бөлу арқылы құрылған. Халқының саны бойынша аудан облыста 5 орынды алады. 2024 жылдың 1 қаңдарындағы ахуал бойынша ауданда 134 мыңнан астам адам тұрады. Бұл облыс халқының 6,3%-ы. Әкімшілік-аумақтық құрылымы 12 ауылдық округтен тұрады. Жалпы ауданда 83 ауылдық елді мекен бар. Ауданның экономикасының негізін ауыл шаруашылығы сала құрайды. Ауданның әкімшілік орталығы Абай ауылы болып табылады, аумағы 345,1 мың гектарды құрайды. Келес ауданының халық саны 6-кестеде келтірілген.

Кесте 6 – Келес ауданының халық санының динамикасы

Жыл	Халық саны, адам
2021	132 340
2022	133 769
2023	134 072

Ескертпе – автормен [19] дереккөз негізінде құрастырылған

Кестеде келтірілген мәліметке сәйкес Келес ауданының халық саны жыл сайын өсіп отырады. Бұл бірінші кезекте табиғи өсу көрсеткіштерінің жоғары болуына байланысты. Мысалы, 2023 жылдың қорытындысы бойынша 1000 адамға шаққандағы табиғи өсу коэффициенті облыс бойынша орташа көрсеткіштен жоғары болған – 23,28‰ (облыс бойынша – 21,45‰). Табиғи өсім көрсеткішінің жоғары мәні ауданда 2019 жылдан бері сақталып отырғандығын айта кету керек. Сонымен қатар, ауданда соңғы жылдары келеңсіз көші-қон ахуалы қалыптасып отыр. Атап айтқанда, ауданда 2019 жылдан бері теріс көші-қон айырмасы сақталып келеді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Келес ауданының теріс көші-қон айырмасы 2 433 адамды құрады (2019 ж. – -3 213 адам, 2020 ж. – -1 928, 2021 ж. – -2 045, 2022 ж. – -1 917). Ұзақ уақыт бойы ауданнан халықтың көшіп кету үрдісінің сақталуы ауданда өмір сүру деңгейі мен сапасы қатысты шешілмеген мәселелер бар екендігін білдіреді. Бұл ретте, келеңсіз көші-қон ахуалы Түркістан облысының барлық аудандарына тән құбылыс екенін атап өткен жөн (Түркістан және Кентау қалаларын қоспағанда).

Аудан халқының әл-ауқатына талдау жүргізу барысында аудандағы негізгі экономикалық көрсеткіштерге назар аудару қажет, өйткені аудандағы инфрақұрылымның одан әрі дамуы және халық тіршілігінің әлеуметтік саласының жақсаруға оларға тікелей байланысты болып отыр.

2021-2023 жылдардағы Келес ауданының негізгі экономикалық көрсеткіштерін талдау ауданның экономикасының ауыл шаруашылық бағытта маманданғанын көрсетеді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Келес ауданының жалпы өнім көлемін келесі салалар құрайды:

- Ауыл шаруашылығы – 65,6%;
- Көтерме және бөлшек сауда – 13,2%;
- Құрылыс – 9,3%;
- Өнеркәсіп – 3,3%.

Егер Келес ауданының жалпы облыстағы үлесін қарастыратын болсақ, онда ауданның экономикалық көрсеткіштерінің өте төмен екендігін байқауға болады. Мысалы, Келес ауданының ауыл шаруашылық өнімінің облыстағы үлесі 6,7%-ды ғана құрайды. Қалған салалар бойынша көрсеткіштер одан да төмен. Ауданға жалпы облыстық өнеркәсіп өнімінің тек 0,4%-ы ғана тиесілі, сондай-ақ атқарылған құрылыс жұмыстарының 2,7%-ы, бөлшек сауданың 3%-ы, негізгі капиталға салынған инвестициялардың 2,2%-ы ғана тиесілі.

Кесте 7 – Келес ауданының негізгі экономикалық көрсеткіштері, млн теңге

	<b>2021</b>	<b>2022</b>	<b>2023</b>
Жалпы өнім көлемі	89621,6	107 509,1	118 025,7
Өнеркәсіп	5059,9	5319,3	3948,7
Өңдеу өнеркәсібі	3057	3188,1	1528,7
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі	62224	70407,4	77373,8
Атқарылған құрылыс жұмыстарының көлемі	10018,1	10068,7	10924
Бөлшек сауда	7380,2	10178,2	9755,6
Көтерме сауда	2654,114	8945,8	5775,3
Негізгі капиталға салынған инвестициялар	13107,7	17692,5	21172,3

Ескертпе – автормен [19] дереккөз негізінде құрастырылған

Келес ауданының негізгі экономикалық көрсеткіштеріне талдау жүргізетін болсақ, 2021-2023 жылдары ауданның жалпы өнім көлемі 31,7%-ға өсіп, 2023 жылы 118 025,7 млн теңгені құрады.

Аудан экономикасының негізгі салаларына жүргізілген талдау қарастырылып отырған кезеңде ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің, атқарылған құрылыс жұмыстарының, көтерме және бөлшек сауда көлемінің, негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың көлемінің артқанын көрсетті. Тек өнеркәсіп саласында өндіріс көлемдерінің төмендегені байқалады.

Осылайша әр салаға тоқталатын болсақ, 2021-2023 жылдары ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 24,3%-ға артып, 77 373,8 млн теңгені, атқарылған құрылыс жұмыстары 9,0%-ға артып, 10 924 млн теңгені, бөлшек сауда 32,2%-ға өсіп, 9 755,6 млн теңгені, көтерме сауда 2,1 есе өсіп, 5 775,3 млн теңгені, негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар көлемі 61,5%-ға артып, 21 172,3 млн теңгені құрады. Бұл ретте қарастырылып отырған кезеңде өнеркәсіп көлемі 22%-ға төмендеп, 2023 жылы 3 948,7 млн теңгені құрады [19].

Негізгі экономикалық көрсеткіштерінің тұрақты өсуіне қарамастан ауданда жұмысбастылықты қамтамасыз етуге байланысты бірқатар проблемалар. Жалпы халықтың табысы еңбек нарығының құрылымына және сапалы жұмыс орындарын құратын кәсіпорындардың санына тікелей байланысты. Ал Келес ауданының экономикасының басым бөлігін ауыл шаруашылығы саласы құрайды. Әдетте жоғары өнімді технологиялармен

қанымдалмаған ауыл шаруашылығы сапалы жұмыс орындарын қалыптастырмайды. Өнімді жұмыс орындарын бәсекеге қабілетті өнімді өнеркәсіп саласы қамтамасыз етеді. Бұл ретте Келес ауданының көрсеткіштері басқа аудандармен салыстырғанда біршама төмен. Мәселен, жан басына шаққандағы өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі бойынша Келес ауданы 2023 жылы облыстың 17 ауданының ішінде 16 орында. Ауданда жан басына шаққандағы өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі небәрі 29,4 мың теңгені құрайды екен (облыс бойынша орташа көрсеткіш – бір адамға 467,3 мың теңге). Бұл өте төмен көрсеткіш. Сондай-ақ, статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, ауданда 2023 жылдың қорытындысы бойынша небәрі 4 өнеркәсіптік кәсіпорын жұмыс істейді.

Аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының аса маңызды көрсеткіштерінің бірі негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар болып табылады. Келес ауданында негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар көлемінің соңғы жылдардағы оң динамикасына қарамастан, олардың көлемі ауданның нақты секторын ойдағыдай дамыту үшін жеткіліксіз. Мысалы, 2023 жылдың мәліметтеріне сәйкес жан басына шаққандағы негізгі капиталға салынатын инвестициялардың көлемі бойынша Келес ауданы Түркістан облысының 17 ауданының ішінде 16 орынды иеленіп отыр.

Жалпы келтірілген мәліметтерден келесі қорытындыларды жасауға болады:

- Келес ауданында қазіргі жағдайдағы өнеркәсіптің даму деңгейі анық жеткіліксіз. Сапалы жұмыс орындарын, аудан халқының табысын арттырып, әл-ауқатын көтеру үшін ауданда индустриализация процесстерін жеделдету қажет;

- Негізгі капиталға жұмсалатын инвестициялар көлеміне және негізгі қорларды құруға назар аудару қажет. Себебі дәл қазіргі уақытта ауданға жыл сайын тартылатын инвестициялар көлемі өте төмен;

- Өнеркәсіп өндірісі және инвестициялар туралы ахуал негізінен Түркістан облысының басқа аудандарына да қатысты. Яғни жалпы Түркістан облысында өнеркәсіпті дамыту және инвестиция тарту жұмыстарын күшейту қажет. Қазақстанның Оңтүстік өңірлерінің индустриалдық деңгейі төмен екендігі және оларды белсенді индустриаландыру қажеттігі туралы Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі аумақтық даму жоспарында да айтылған.



6- сурет – Түркістан облысының аудандары бойынша жан басына шаққандағы өнеркәсіп өнімі және негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар туралы ақпарат

Ескертпе – автормен [16] дереккөз негізінде құрастырылған

Халықтың жұмысбастылығын қамтамасыз етуде шағын және орта бизнестің рөлі өте маңызды. Дамыған елдерде шағын бизнес жұмыс орындарының 70%-дан астамын және ЖІӨ қомақты қамтамасыз етеді. Яғни қуатты экономиканың негізін шағын және орта бизнес құрайды.

2023 жылы Келес ауданында Шағын және орта кәсіпкерлік өнім шығарылымының жылдық жоспары 48 634,0 млн теңге болса, оның орындалғаны 4-тоқсанның қорытындысы бойынша 69 474,0 млн теңгені құрады. Ал 2022 жылы шағын және орта кәсіпкерлік өнім көлемі 49 607,0 млн теңгеге жетіп, 2021 жылмен салыстырғанда 19 867 млн теңгеге артығымен орындалды.

Ауданда шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында мемлекет тарапынан қарастырылған қолдау шаралары белсенді іске асырылуда. Атап айтқанда, несиелендіру мемлекеттік бағдарламалар аясында төмен пайызды несиелендіру қамтамасыз ету бойынша жалпы құны 2594,4 млн теңгені құрайтын 350 жоба қаржыландырылды. Соның ішінде «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында 2023 жылы жалпы сомасы 575,0 млн теңгені құрайтын 6 жоба қолданды. Олардың 2-уі банк несиелерін субсидиялауға бағытталған болса, 4 жоба банк несиелерін кепілдеуге бағытталған. Сонымен қатар, кәсіпкерлерді қолдау бағдарламаларын түсіндіру, насихаттау жұмыстары жүргізілуде.

Тікелей ауыл халқының табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы барысында ауданда жалпы құны 1 410,8 млн теңгені құрайтын 252 жоба мақұлданды. Бұл ретте атап өтетін жайт – ол АӘК алатын топтардың табысын арттыру. Бұл бағытта АӘК алушылардың өтінімдері қарастырылып, құны 10,2 млн теңге тұратын 2 жоба мақұлданды.

Сонымен қатар, «Ырыс» МҚҰ» ЖШС арқылы көктемгі дала жұмыстарына арналған 77 жоба (434,7 млн теңге), іскер бағдарламасы бойынша 10 жоба (50,9



млн теңге), бағдарламадан тыс «Ырыс бизнес» бойынша 5 жоба (83,0 млн теңге) мақұлданды.

Инвесторларды тарту және сүйемелдеу бойынша 2023 жылы жалпы құны 103,6 млрд теңгені құрайтын 10 инвестициялық жобаны іске асыру жүріп жатыр, бұл жобалар аясында 1 717 жұмыс орнын ашу жоспарланған. Олардың ішінде жылыжайлар салу, қонақ үй ғимаратын тұрғызу, күн электр стансасын салу, темір бетон өнімдерін шығаратын зауыт салу, минералды су өнімдерін өндіретін зауыттың құрылысы, мал бордақылау және ет өнімдерін өңдеп, шұжық өнімдерін өндіру зауытының құрылысы, жібек құртын өндіретін кәсіпорын, тері илейтін зауыт, жилатин өндіретін зауыт, тамшылатып суғарудың құрылғыларын өндіретін зауыт және мақта зауыты сияқты жобалар қарастырылған.

Дегенмен шағын және орта бизнес саласының көрсеткіштері Келес сияқты ірі аудан үшін айтарлықтай төмен. 2023 жылдың басындағы жағдай бойынша шағын және орта бизнестің белсенді субъектілерінің саны 10,6 мың дананы құраған, ал салада жұмыспен қамтылған халық саны небәрі 15 мың адамды құрап отыр [20].

Жергілікті экономиканың даму үрдісі аудан бюджетінің табыс бөлігінің қалыптасуына тікелей әсер етеді. 2023 жылы аудан бюджетінің кіріс бөлігінің жоспары 12 286,4 млн теңгені, нақты орындалғаны 12 389,6 млн теңгені құрап, 100,8%-ге орындалды немесе 103,2 млн. теңгеге артық орындалған: оның ішінде жергілікті кірістердің жоспар 2 838,2 млн. теңге болса, нақты орындалғаны 2 938,7 млн теңге болып 103,5% немесе 100,4 млн артық орындалған.

Бюджеттің шығыс бөлігінің 2023 жылғы қорытындысымен жоспар 12 286,4 млн. теңге болса, нақты 12 285,4 млн теңгесі игерілді немесе 100 пайызға орындалды, бюджет қаражаттарының қалдығы 1,0 млн теңгені құрады.

Аудандық бюджеттің табыс бөлігін талдау нәтижесінде бюджеттің жоғарыдан келетін трансферттерге тәуелді екенін байқауға болады. Аудан бюджетінің 90%-дан астамын жоғары деңгейлі бюджеттерден түсетін трансферттер құрайды. Яғни бұл қазіргі уақытта аудан экономикасының халықтың әл-ауқатын жеткілікті деңгейде қамтамасыз ету үшін қажет табыстарды қалыптастыра алмайтындығы туралы дәлел бола алады [21].

Келес ауданының халқының әл-ауқатын талдау барысында аса назар аударуды қажет ететін көрсеткіштер ол аудандағы еңбек нарығының дамуы.

2021-2023 жылдары аудан халқының санының ұдайы өсуіне қарамастан еңбек нарығында бірқатар келеңсіз үрдістер байқалуда. Атап айтқанда, қарастырылып отырған кезеңде ауданның жұмыс күші 62,5 мың адамнан 55,9 мың адамға дейін немесе 10,6%-ға азайып кеткен. Ал жалпы халық санындағы жұмыс күшінің үлесі немесе экономикалық белсенділік деңгейі 70,9 дан 68,2%-ға дейін төмендеген. Сонымен қатар, ауданда жұмыспен қамтылған халықтың саны 59,4 мыңнан 53,2 мың адамға немесе 10,4%-ға азайған. Оның ішінде жалдамалы жұмысшылар саны 29,2 мың адамнан 25,4 мың адамға дейін қысқарған.

Ауданның еңбек нарығының тағы да бір келеңсіз жақтарының бірі ол өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалардың жоғары үлесі. 2023 жылдың қорытындысы бойынша жұмыспен қамтылған халықтың 52,2%-ы өзін-өзі жұмыспен

қамтығандар қатарына жатады екен. Ал абсолюттік көрсеткіште олардың саны 27,8 мың адамды құраған. Бұл аудандағы жұмыспен қамтылған халықтың жартысынан астамы маусымдық немесе кездейсоқ жұмыстарда, ақысы төмен, бейресми, өнімсіз жұмыс орындарында қызмет ететіндігін көрсетеді. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарда табыстың тұрақты көзі де болмайды. Сондықтан, оларды табысы төмен топтарға немесе жасырын жұмыссыздық ретінде қарастыруға болады.

Ресми статистикалық ақпараттарға сүйенсек, ауданда 2021-2023 жылдары жұмыссыздар саны 3,2 мың адамнан 2,7 мың адамға дейін азайған. Ал жұмыссыздық деңгейі 2023 жылы 4,9%-ды құраған.

Сондай-ақ, қарастырылып отырған кезеңде ауданда жұмыс күшіне енбейтін тұлғалар қатары көбейген. Жалпы еңбек нарығындағы жұмыс күшінің азайып, жұмыс күшіне енбейтін тұлғалар санының өсуі, еңбекке жарамды тұлғалар ауданнан жұмыс іздеп көшіп кетіп жатқанын білдіреді. Бұл да халықтың әл-ауқатына кері әсерін тигізетін құбылыс деп қабылдауға болады.

#### Кесте 8 – Келес ауданының еңбек нарығының негізгі индикаторлары

	<b>2021</b>	<b>2022</b>	<b>2023</b>
Халық саны, адам	132 340	133 769	134 072
Жұмыс күші, адам	62 570	57 407	55 947
Жұмыс күшінің халық санындағы үлесі, %	70,9	70,4	68,2
Жұмыспен қамтылған халық, адам	59 380	54 459	53 181
Жалдамалы жұмысшылар, адам	29 223	24 329	25 387
Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, адам	30 157	30 130	27 794
Жұмыссыздар, адам	3 190	2 948	2 766
Жұмыссыздық деңгейі, %	5,1	5,1	4,9
Жұмыс күшіне кірмейтін тұлғалар, адам	25 719	24 149	26 119
Орташа айлық атаулы жалақы, теңге	155 756	220 299	230 584

Ескертпе – автормен [19] дереккөз негізінде құрастырылған

Аудандағы халықтың табыс деңгейін бағалаудағы маңызы жоғары бірден бір көрсеткіш – ол орташа айлық атаулы жалақы мөлшері. 2021-2023 жылдар барысында ауданда жалдамалы жұмыста істейтін тұлғалардың орташа айлық атаулы жалақысы 155,7 мың теңгеден 230,6 мың теңгеге дейін немесе 48%-ға өскен.

Облыстың басқа өңірлерімен салыстырғанда Келес ауданында орташа айлық атаулы жалақы мөлшері 10,2%-ға төмен (облыс бойынша орташа көрсеткіш 2023 жылы 256 972 теңгені құрады). Яғни Келес ауданындағы орташа айлық атаулы жалақы мөлшері облыстағы жалақының 89,7%-ын ғана құрайды.

Жалпы облыстың басқа аудандарымен салыстырғанда орташа айлық атаулы жалақы мөлшері бойынша Келес ауданы 17 ауданның ішінде тек 15-ші орында. Яғни бұл цифрлар Келес ауданында халықтың табысын арттыруға байланысты проблемалар екендігін көрсетеді [22].

Кесте 9 – Түркістан облысының аудандары бөлінісінде орташа айлық атаулы жалақы мөлшері, теңге

Өңірдің атауы	2021ж.	2022ж.	2023ж.
Түркістан облысы	171 973	237 189	256 972
Түркістан қ.	176 894	235 953	251 776
Арыс қ.э.	137 334	222 563	262 128
Кентау қ.э.	210 060	212 298	258 302
Бәйдібек ауданы	171 681	216 553	220 297
Жетісай ауданы	143 657	211 418	256 124
<b>Келес ауданы</b>	<b>155 756</b>	<b>220 299</b>	<b>230 584</b>
Қазығұрт ауданы	153 884	215 593	232 013
Мақтаарал ауданы	148 928	221 773	234 716
Ордабасы ауданы	200 567	233 352	251 075
Отырар ауданы	169 711	231 640	257 201
Сайрам ауданы	182 978	241 252	250 320

9- кесте жалғасы

Сарыағаш ауданы	166 890	205 703	211 290
Сауран ауданы	-	257 476	308 882
Созақ ауданы	242 830	389 371	357 099
Төле би ауданы	131 747	214 146	254 511
Түлкібас ауданы	134 962	220 182	260 285
Шардара ауданы	170 390	245 401	268 126

Ескертпе – автормен [16] дереккөз негізінде құрастырылған

Халықтың табыс деңгейін бағалауда табысы ең аз топтарға жататын АӘК алатын тұлғалар санына назар аудару қажет. Осы топтарға қатысты мемлекеттің басты міндеті оларды қаржылай көмек көрсете отырып, жұмысқа тарту арқылы оларды қиын өмірлік жағдайдан шығару болып табылады.

Келес ауданында 2023 жылдың 4-ші тоқсанының қорытындысы бойынша 11 888 адамды қамту жоспарланып, нақты 10 430 адам мемлекеттік көмек алуға жүгінді. Нәтижесінде мемлекеттік көмек алушылар саны 2022 жылмен салыстырғанда 12,3%-ға азайды. Айта кету керек, 2023 жылы АӘК алушылар саны 13 986 адамды құраған болатын.

Осылайша, Келес ауданының халқының әл-ауқатына талдау жүргізу нәтижесінде келесі басты проблемалық мәселер анықталды:

- ауданның қазіргі уақыттағы экономика құрылымы аудан халқының табысын арттыруға толықтай мүмкіндік бермейді. Өйткені, Келес ауданының экономикасының басым бөлігін өнімділігі төмен ауыл шаруашылығы саласы құрайды. Әдетте жоғары өнімді технологиялармен қанымдалмаған ауыл шаруашылығы сапалы жұмыс орындарын қалыптастырмайды. Өнімді жұмыс орындарын бәсекеге қабілетті өнімді өнеркәсіп саласы қамтамасыз етеді;

- ауданның экономикалық көрсеткіштері басқа өңірлермен салыстырғанда өте төмен. Мәселен, жан басына шаққандағы өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі бойынша Келес ауданы 2023 жылы облыстың 17

ауданының ішінде 16 орында. Ауданда жан басына шаққандағы өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі небәрі 29,4 мың теңгені құрайды (облыс бойынша орташа көрсеткіш – бір адамға 467,3 мың теңге);

- аудан экономикасына инвестициялар жеткіліксіз құйылуда. Мысалы, 2023 жылдың мәліметтеріне сәйкес жан басына шаққандағы негізгі капиталға салынатын инвестициялардың көлемі бойынша Келес ауданы Түркістан облысының 17 ауданының ішінде 16 орынды иеленіп отыр. Бұл халықтың әл-ауқатын арттыру үшін қуатты экономикалық база құруға кері әсер етіп отыр;

- шағын және орта бизнес саласының көрсеткіштері Келес сияқты ірі аудан үшін айтарлықтай төмен. 2023 жылдың басындағы жағдай бойынша шағын және орта бизнестің белсенді субъектілерінің саны 10,6 мың дананы құраған, ал салада жұмыспен қамтылған халық саны небәрі 15 мың адамды құрап отыр;

- тұрақсыз экономикалық базаның әсерінен аудан бюджеті трансферттерге қатты тәуелді болып отыр. Бюджеттің табыс бөлігінің 90%-дан астамын жоғары деңгейлі бюджеттерден түсетін трансферттер құрайды;

- өнімді жұмыс орындарының болмауы, жалақы мөлшерінің төмендігі ауданнан еңбекке қабілетті жастағы тұлғалардың қоныс аударына әкеліп соғуда. Нәтижесінде, ауданда жұмыс күшінің, жалдамалы жұмысшылар санының артуы және жұмыс күшіне кірмейтін тұлғалар қатарының көбеюі орын алуда;

- 2023 жылдың қорытындысы бойынша жұмыспен қамтылған халықтың 52,2%-ын өзін-өзі жұмыспен қамтығандар құрап отыр. Олардың саны 27,8 мың адам. Яғни ауданда 27,8 мың адамның табысын көтеруге байланысты аса күрделі қиыншылықтар туындап отыр;

- Келес ауданы халықтың табыс деңгейі бойынша облыс аудандары арасында ең төменгі көрсеткіштері тіркеліп отыр. Орташа айлық атаулы жалақы мөлшері бойынша Келес ауданы 17 ауданның ішінде тек 15-ші орында. Яғни бұл цифрлар Келес ауданында халықтың табысын арттыруға байланысты проблемалар екендігін көрсетеді.

### **3 АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫН ЖЕТІЛДІРУ**

#### **3.1 Халықтың әл-ауқатын арттырудың басымды бағыттары**

Халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатында жаңа жұмыс орындарын құру арқылы халықтың табысын арттыру, кәсіпкерлікті дамыту мен халықты кәсіпкерлік қызметке жұмылдыру мен белсендігін арттыру шаралары тиімді мемлекеттік институттар аспектісінде әзірленген басымды бағыттар жүзеге асырылуы қажет.

Халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатында маңызды фактор болып табылатын ақшалай табысты жоғарлату бағыты

Ақшалай табысты арттырудың негізгі құрылымдық бөлігіне еңбекпен тапқан табыс немесе жалақыға қатысты шаралар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 218 қаулысымен бекітілген «Халықтың табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспарындағы бюджеттен жалақыны арттыру бойынша міндеттемелер бөлігіндегі іс-шаралардың аясында жүзеге асырылатын болаты. Бұл өз алдына халықтың ақшалай табысын арттырудың тікелей бағытына жатады.

Халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатында ақшалай табыстың жанама шаралары халықты жұмысқа орналастыру, кәсіптік даярлау (қайта даярлау), өзін — өзі жұмыспен қамту, өңдеу өнеркәсібі және кәсіпкерлік кәсіпорындарының өнімділігін арттыру кезінде жәрдемдесу есебінен кірістердің өсу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған, яғни еңбек және кәсіпкерлік кірістерді арттыруға бағытталған.

Халықтың табысын арттыру жөніндегі бағдарламаның негізгі басымдықтары ретінде мынадай бағыттарды бөліп көрсетуге болады:

- Жұмысшы жастар ел дамуының негізі ретінде.
- Халықтың жекелеген осал топтарын әлеуметтендіру мен оқытудың жаңа мүмкіндіктері.
- Еңбек кірістеріндегі теңгерімсіздікті жою.

- Ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтуды арттыру.
- Өңдеу өнеркәсібінде тиімді жұмыспен қамтуды дамытуды ынталандыру.
- Халықтың табысын арттыру факторы ретінде кәсіпкерлік табыстың өсуін ынталандыру.

- Кірістердің сатып алу қабілетін қорғау.

### **Жұмысшы жастар ел дамуының негізі ретінде**

Біріншіден, оқушыларға мамандық таңдауда көмек көрсету үшін кешенді кәсіптік бағдар беруді енгізу, атап айтқанда:

- кәсіпорында маманның мансаптық өсу нұсқаулығын әзірлеу (салалар бойынша кемінде 100 мансаптық карта дайындау), бұл 8-11 сынып оқушыларын кәсіпорындардағы мансаптық перспективалар туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

- орта білім беру ұйымдарында «педагог-кәсіптік бағдар беруші» штат бірлігін енгізу;

- оқу-өндірістік комбинат базасын құру арқылы салалық кәсіптік бағдар берудің шараларын енгізу.

Екіншіден, сұранысқа ие дағдылар мен құзыреттерді ескере отырып, колледж оқушыларының кадрларын озық даярлауды енгізу. Бұл жұмыс мыналар арқылы жүзеге асырылады:

- кадрларға қажеттіліктің аудандық картасын жасау ("*Жаңа кәсіптер атласы*");

- кәсіпорындардың өтінімдері бойынша техникалық және кәсіптік мамандықтарда кадрлар даярлау;

- кәсіпорындар мен құзыреттер орталықтары базасында арнайы пән оқытушыларын тағылымдамадан өткізу;

- кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу;

- кәсіпорындардың колледждерге қамқорлығын дамыту және дуальды білім беруді ауқымдандыру.

Үшіншіден, ТЖКБ ұйымдарының базасында, оның ішінде "Жас маман" жобасының колледждері базасында және тез тұрғызылатын жатақханалар желісі бар ангарлық үлгідегі оқу орталықтарында ірі бизнестің қатысуымен жаппай қайта даярлау және біліктілікті арттыру "фабрикалары" құрылатын болады.

Осының нәтижесінде студенттер бизнес-технологиялар дағдыларына және өз ісін құру үшін шағын кәсіпорындар құруға оқытылады.

Бұдан басқа, кәсіптік колледждің жанынан шағын кәсіпорын немесе оқу шаруашылықтарын құру қажет. Бұл өз өнімін өткізу арқылы педагогтердің табысын арттыруды қамтамасыз етеді, материалдық-техникалық базасын жақсартады.

Төртіншіден, жоғары оқу орындарының жанынан түлектерді жұмысқа орналастыру үшін мансап орталығын құру.

### **Халықтың жекелеген осал топтарын әлеуметтендіру мен оқытудың жаңа мүмкіндіктері**

Келес ауданы бойынша жалпы 2022 жылда 3728 мүгедекігі бар адамдардың саны тіркелген.

Біріншіден, Қолдау және сүйемелдеу жөніндегі орталықтар құрылады,

онда әлеуметтік бейімделуге, оқытуға, кәсіпкерлік бастамашылыққа көмек және қолдау көрсетіледі, "бір терезе" қағидаты бойынша кешенді консультация беру (заңгерлік, психологиялық, әлеуметтік, тұрғын үй және т.б.), отбасы институтын нығайту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу болады.

Көп балалы отбасылардан, мүгедек балалары бар отбасылардан, толық емес отбасылардан және жалғыз тұратын әйелдер жыл сайын жұмысқа орналасу үшін қосымша дағдылар мен мүмкіндіктерге ие болады.

Мұнда тігінші; пішуші; технолог; дизайнер; наубайшы; аспаз; кондитер; косметолог; массажист; шаштараз; маникюр және т. б. мамандықтар бойынша оқыту жүзеге асырылады.

Сондай-ақ жеке өсу; бизнес ашу; психологиялық сүйемелдеу; заңгерлік сүйемелдеу; әлеуметтік көмек, жәрдемақы, тұрғын үй, алименттер; денсаулық сақтау; веб-портал арқылы қызметтер алу және т. б. мәселелер бойынша тренингтер мен консультациялар өткізіледі.

Екіншіден, халықтың әлеуметтік осал топтарына 400 АЕК-ке дейінгі мөлшерде өтеусіз гранттар беру жүзеге асырылатын болады.

